

Икрамова Б.М.
**«New-York Times» газетіндегі
Қазақстанның имиджі**

Мақалада «New York Times» газетіндегі Қазақстанның имиджі қалай қалыптасып келе жатқаны талданады. Қазақстан Республикасының имиджіне ықпал етуші факторлар қарастырылады. Тәуелсіздік алған жылдан бастап, бүгінге дейінгі оқиғалардың мемлекет имиджіне қалай әсер ететінін автор жан-жақты зерттеген. Басылымдағы әр бөлімге Қазақстан жайлы қанша мақала жарияланғанын және оның қандай сипатта болғанын ашып көрсеткен.

Түйін сөздер: Қазақстан, New York Times, ақпараттық қоғам, саяси имиджелогия, АҚШ баспасөзі, қоғамдық пікір, әлемдік имидж.

Ikramova B.M.
**Image of Kazakhstan
in the newspaper «New York
Times»**

The article of the newspaper «New York Times» analysis of the process of formation of the image of Kazakhstan. Discusses the factors of influence on the image of the Republic of Kazakhstan. The author examines in detail the impact of events since independence to the present day on the image of the state. In each section, the publication shows how many articles were about Kazakhstan and their content. Were also analyzed periodic dynamic changes to increase, decrease in the positive and negative information about Kazakhstan, given its assessment from the point of view of the author.

Key words: Kazakhstan, New York Times, the information society, the political imidzheologiya, the media, the US press, public opinion, image.

Икрамова Б.М.
**Имидж Казахстана в газете
«New-York Times»**

В статье газеты «New-York Times» анализируется процесс становления имиджа Казахстана. Рассматриваются факторы влияния на имидж Республики Казахстан. Автор подробно исследует влияние событий со времен обретения независимости до сегодняшнего дня на имидж государства. В статье показывается сколько статьей было про Казахстан, анализируется их содержание. Также были проанализированы динамические изменения по росту, снижению позитивной и негативной информации про Казахстан, даны им оценки, с точки зрения, автора.

Ключевые слова: Казахстан, NewYorkTimes, информационное общество, политическая имиджеология, пресса США, международный имидж.

**«NEW-YORK TIMES»
ГАЗЕТІНДЕГІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ИМИДЖІ**

Соңғы онжылдықтардың көлемінде біздің ел халықаралық сахнада өзіндік орны қалыптасқан тәуелсіз мемлекет ретінде танылды. Қазақстандағы саяси һәм экономикалық жағдайды өзге ел басылымдары жарыса жазуда. Бүгін біз Американың «New York Times» газетіндегі жарияланымдар негізінде Қазақстанның имиджі туралы сөз қозғамақпыз. Неге дәл осы басылымды негізгі объект етіп алуымыздың да мәні бар. Мангейм және Альбертон әдістері бойынша, имиджге қатысты көптеген зерттеулер үшін «New York Times» газеті ең байырғы және объективті, шыншыл басылым болып есептеледі. Мангеймнің зерттеулеріне сенсек, дәл осы газет басқа американдық күнделікті басылымдарға қарағанда көбірек ақпараттық хат-хабар береді әрі қоғамдық пікірге әлдеқайда күштірек әсер етеді.

Аталған басылымдағы Қазақстан туралы мақалаларды біз үш топқа бөліп қарастырмақпыз: Бейақпараттық жаңалықтар – имиджін зерттеп жатқан басты объект мақалада бірнеше рет аталғанымен, берілген ақпараттың негізгі фигурасы болып табылмайды. Мысалы, ел президенті қатысқан саммит, бірнеше мемлекеттер арасында жасалған түрлі бағыттағы келісім-шарттар бейақпараттық жаңалықтар қатарына жатады. Ақпараттық жаңалықтар – имиджін зерттеп отырған объект – берілген мақаланың негізгі фигурасы болып табылады. Мысалы, ел президентінің шетелде сөз сөйлеуі, негізгі фигура – президент. Ал мақалалардың үшінші тобы аналитикалық сараптамалар және автор пікірі деп аталады. Бұл топтың алдыңғылардан ерекшелігі, мұндай типтегі мақалаларда пайымдаулар көп болады. Имиджін зерттеп отырған объект жайлы мақала авторы өз ой-пікірін жеткізеді. Мысалы, ел президентінің бірыңғай әлемдік валютаны енгізу туралы пікірін талдау осыған жатады. Мемлекет имидждің анықтауда дәл осындай мақалалар үлкен үлес қосады.

1991 жылдың 16 желтоқсанынан бері «New York Times» газетінде «Kazakhstan» атауы 5568 рет, «Astana» атауы 575 рет, ал «Nazarbayev» деген сөз 397 рет кездеседі. Ел имиджін анықтауда мемлекеттік бренд болып танылған ұғымдарды да зерттеуімізге қостық. «Саясат» бөліміндегі Қазақстан жайлы жаңалықтардың 88 пайызы, «Ядролық қару» бөліміндегі жаңалықтардың 70 пайызы, «Мәдениет және әлеуметтік жаңалықтар» бөліміндегі жаңалықтардың 52 пайызы бейақпараттық сипатта болды. Экономика және энергетика бөлімінде бұл көрсеткіш сәйкесінше 41 және 13

пайызды құрады. Ал Қазақстанға қатысты жыл бойғы материалдардың 140-ы бейаппараттық, 57-сі ақпараттық және 8-і аналитикалық сипатта еді. Бұған қарап, тәуелсіздіктің алғашқы жылы американдық басылым бетінде Қазақстанның имиджі әлсіздеу болғанын байқаймыз.

«New York Times» газетінің бетінде 1993 жылы жарияланған мақалалардың ішінде Қазақстан атауы 124 рет аталып өтіледі. Бір қызығы, бұл жылы «Ядролық қару» бөліміндегі Қазақстан жайлы материалдардың айтар ойы нейтралды сипаттан жағымды сипатқа ауысты. Мысалы, Ричард Берке атты тілшінің «Prodded by Gore, Kazakhstan Signs Arms Accord» деген тақырыптағы мақаласында былай делінеді: «Kazakhstan has the third-largest nuclear arsenal of the former Soviet republics» («Қазақстан ТМД-дағы үшінші, әлем бойынша төртінші ядролық қаруға ие болса да, өз еркімен бұл қарудан бас тартады») [1].

Мәдениет және әлеуметтік жаңалықтар бөлімінде Қазақстан мен Ресейдегі немістердің Германияға көшуі және Қазақстандағы славян халықтарының Ресейге көшуі туралы мақалалар жарияланған. Бұл мақалалардың біразы Қазақстан туралы белгілі бір деңгейдегі жағымсыз ой-пікірлерді білдірді.

Ал «Экономика» бөлімінде Қазақстанға деген көзқарастың айтарлықтай өскенін аңғарамыз. Бұған «Филипп Морис» компаниясының Қазақстанға инвестициялары, сондай-ақ «Шеврон» мен Қазақстан арасындағы келісім-шарттың жасалғаны туралы ақпараттарды мысалға алуға болады. Сонымен қатар, сол жылдары Қазақстанда жұмыс істеп жатқан инвесторлардың ой-пікірлері де осы айдарда кеңінен берілді. Инвесторлардың Қазақстанға берген бағасы өте жақсы деңгейде болған. 1993 жылы Қазақстан «Батыстық инвестицияларға арналған аймақ» ретінде екінші имиджін қалыптастырды. 1995 жылдан бері Қазақстан жайлы саяси және экономикалық жаңалықтармен қоса, мәдени ақпараттар да кеңінен қамтыла бастады. Мәселен, осы жылы Дәрежан өмірбаевтың «Кардиограмма» фильмі және Марат Бейсенғалиевтың Лондонда өнер көрсетуі жайлы да газет бетінде материалдар берілді.

1996 жылы басылым бетінде Қазақстанға қатысты 27 ғана мақала жарық көрді. Қазақстанға деген қызығушылықтың кенеттен төмендеуі түсініксіздеу болды біз үшін. «Саясат» бөліміндегі бір жаңалық жағымсыз сипатта болды. Онда Қазақстандағы демократия туралы сын айтылды. «Экономика» бөлімінде ТМД-ның бірнеше елдері құрған Кедендік одақтың қызметі жайлы сөз болды. Ал спорт тақырыбындағы материалдардың барлығы Атлантадағы Олимпиада ойындарында Василий

Жиров пен Ольга Шишигинаның алтын медаль алуы жайлы екен. Қазақстан жайлы 1999 жылғы саяси жаңалықтардың 92 пайызы жанама сипатта болды. Ақпараттық жаңалықтардың ішінде жаңа Премьер-министр Қасымжомарт Тоқаевтың тағайындалуы туралы да мақала бар: «A former Foreign Minister known in the West as an economic reformer, Kasymzhomart Tokayev, left, has been chosen as the new Prime Minister» – делінген Serge Schmemann атты журналистің мақаласында [2]. Ал «Ядролық қару» категориясындағы жаңалықтардың бәрі жанама сипатта болды. Онда Қазақстан ядролық қарудан бас тартқан табысты мемлекет ретінде бірді-екілі аталып өтілді. Дәл осы категорияда Арал теңізінде болуы мүмкін биологиялық қару туралы 4 мақала жарияланды. «Туризм» айдарында біздің елге қатысты екі жаңалық жарық көрді: бірі – Қазақстан мен Қырғызстандағы құстарды аулау туралы болса, екіншісі – батыстық туристер өздерін жайсыз сезінетін кейбір қолайсыз аймақтарға арналды. Бұл мақала «Travel advisory; a different look at world danger spots» деп аталды. Авторы – Рик Лайман [3]. «Мәдениет және әлеуметтік жаңалықтар» категориясында Сергей Дворцовоидың «Тас жол» атты фильмі жайлы материал шықты. Мақала «A splendid documentary that is one of two mesmerizing films by the Russian filmmaker Sergei Dvortsevov about Tadjibajev family circus» деп аталды. 2001 жылы «New York Times» бетінде Қазақстан жайлы 155 рет аталып өтілді. Мұндай көрсеткіш, әлбетте, 11 қыркүйек күнгі әл-Каида лаңкестерінің АҚШ-қа жасаған шабуылының бірден-бір көрінісі болды. «Саясат» категориясындағы жаңалықтардың 79 пайызы жанама сипат алды. Олардың ішінде Қазақстандағы демократия жайлы 2 негативті мақала болды. Қалған 22 мақала АҚШ-тың терроризмге қарсы жоспарлары жайлы, 13-і Рим Папасының Қазақстанға келуі жайлы, 4-еуі Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы жайлы. Ол «World Briefing | Asia: Six Nations Tighten Ties» деп аталды [4]. Сондай-ақ кейбір аналитикалық мақалаларды Қазақстандағы сауатсыздықты инвестицияға тартуға кедергі келтіретін фактор ретінде сынады. Мәселен, «An Investor Plunges Into Unknown Territory» атты мақалада былай делінген: «Wilshire Associates manages money for clients from all over the world. But not from Kazakhstan. «We know very little about Kazakhstan, actually» said Thomas Stevens, who runs the asset management division of Wilshire, the Santa Monica. («Біз әлем бойынша көп елге ақша құйып, инвестициялаудамыз. Бірақ Қазақстанда емес. Өйткені біз Қазақстан жайлы тым аз білеміз») [5]. 2005 жылы «The New York Times» газетінде Қазақстан жайлы мәдени ақпараттардың қатары көбейді. Оған басты себеп – «Борат» фильмінің дүниеге келуі еді. АҚШ журналистері бұл дау-дамайда объективті ба-

ғыт ұстана білді. Сол жылы газет бетінде аталған фильмге қатысты 5 мақала жарияланған екен. Ол мақалалардың басым бөлігінде Қазақстанның бұл фильмге қатысты көзқарастары мен іс-әрекеті туралы баяндалды. Осы типтегі мақалалар легі келесі жылы да толастаған жоқ. 2006 жылы «Kazakhstan laughs as its officials try to ban Borat» атты мақала жарық көрді. Онда қазақстандық шенеуніктердің ел территориясында аталған фильмнің таралуына қарсы екендіктері айтылған. Ал 2010 жылы «Kazakh Director Plans Answer to «Borat» («Қазақ режиссері «Боратқа» жауап қайтармақшы») атты ақпарат жарық көрді. «Біздің Қазақстан – мұнайға бай, экономикасы әлеуетті, қарқындап дамушы ел. «Борат» фильмінен соң Қазақстан жайлы қалыптасқан қате стереотиптерді жою үшін алдағы уақытта тағы бір кино түсірмекпіз», – дейді онда белгілі кинорежиссер Еркін Рақышев [6].

Соңғы онжылдықта газет бетіндегі Қазақстан жайлы мақалалардың тақырып аясы кеңейіп, оған қатысты американдық журналистердің айтар ой-пікірлері де тереңдей түсуде. Әсіресе, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімі газет беттерінде жиі ұшырасатын болды. Мәселен, соңғы 12 айда Елбасына қатысты 49 мақала жарық көріпті. Оның 73 пайызы бейақпараттық, 19 пайызы ақпараттық, ал қалған 8 пайызы аналитикалық шолу сипатында жазылған. Соңғы айдағы материалдардың көбісі елдегі президенттік сайлау хақында.

Зерттеулерді сараптай келе, «New York Times» басылымындағы Қазақстан жайлы ой-көзқарастардың қалай өзгеру үстінде екенін байқадық. Сәйкесінше, бұл процесті бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. 1991-1998 жылдар. Бұл кезеңде Қазақстанға деген баға мейлінше бейтарап әрі сақ бол-

ды. Ел имиджінің қалыптасуында айтарлықтай өзгерістер, ілгерілеушіліктер байқалған жоқ.

2. 1999-2000 жылдар. Бұл кезеңде Қазақстан жайлы жағымсыз ой-пікірлердің күрт артуы орын алған.

3. 2001-2004 жылдар. Бұл жылдары да Қазақстанға қатысты негативті ақпараттар бәсеңсімеді. Бірақ 2011 жылғы 11 қыркүйекте болған террорлық әрекеттен кейін көпшілік Қазақстанды басқаша қабылдай бастады. Қазақстанды әлемдік лаңкестік топтар мен әл-Каида ұйымына қарсы күресте іскер мемлекет ретінде таныды.

4. 2005-2009 жылдар. Бұл жылдары Қазақстан жайлы мәдени ақпараттар көптеп жариялана бастады. «Борат» фильмінен соң ел туралы пайдалы деректерді ұсына бастады.

5. 2009-2014 жылдар. Қазақстандық спортшылардың есімі жиі атала бастады.

6. 2014 жылдан қазірге дейін. Елдегі президенттік сайлау жөнінде ақпараттық және талдау мақалалары жиі жариялана бастады.

Байқағандарыңыздай, тәуелсіздік алған кезден бастап қазіргі күнге дейін Қазақстанның «New York Times» газетіндегі имиджі елдегі атаулы оқиғалар мен көршілес мемлекеттердің ықпалымен тығыз байланысты. Сондай-ақ, енді ғана қаз тұра бастаған жас мемлекеттің саясатта, өнерде, спортта, т.б. салаларда жеткен жетістіктері американдық басылым бетінде қызу талқыланып жатқаны – қуантарлық жайт. Бұрындары Қазақстан жайлы арнаулы сараптама-лық талдау барлық материалдың 2-3 пайызын ғана құрайтын болса, бүгінде бұл көрсеткіш 12-13-ке жетті. Бұл қарқынды даму имиджге сөзсіз әсер етеді.

Әдебиеттер

- 1 Ричард Л.Берке: Prodded by Gore, Kazakhstan Signs Arms Accord//New York Times: 14 желтоқсан, 1993
- 2 Сердж Шмиман: THE WORLD: GRAND ILLUSIONS; What's Wrong With This Picture of Nationalism//New York Times: 21 ақпан, 1999
- 3 Рик Лайман: TRAVEL ADVISORY; A Different Look At World Danger Spots//New York Times: 24 қаңтар, 1999
- 4 Крэйк С.Смит: World Briefing | Asia: Six Nations Tighten Ties//New York Times: 16 маусым, 2001
- 5 Дэнни Хаким: BUSINESS: DIARY; An Investor Plunges Into Unknown Territory//New York Times: 15 сәуір, 2001
- 6 Ларри Потер: Kazakh Director Plans Answer To «Borat»//New York Times: 9 сәуір, 2010 жыл

References

- 1 Prodded by Gore, Kazakhstan Signs Arms Accord. By RICHARD L. BERKE //New York Times: December 14, 1993
- 2 THE WORLD: GRAND ILLUSIONS; What's Wrong With This Picture of Nationalism. By SERGE SCHMEMANN. // New York Times: February 21, 1999
- 3 TRAVEL ADVISORY; A Different Look At World Danger Spots. By RICK LYMAN //New York Times: January 24, 1999
- 4 World Briefing | Asia: Six Nations Tighten Ties. By Craig S. Smith. //New York Times: June 16, 2001
- 5 BUSINESS: DIARY; An Investor Plunges Into Unknown Territory. By Danny Hakim //New York Times: April 15, 2001
- 6 ARTS, BRIEFLY; Kazakh Director Plans Answer To «Borat»//New York Times: April 9, 2010